

«Акмола облысындағы мемлекеттік корпорацияның коммерциалық өміршілдегі қоғамдың Акмола облысының филиалының Степногорск қаласы, Тіркеу және мер мәдениетінде белгілі
<b>ЗАНДЫ ТҮЛГАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 2021 ж. 12, сәуір жүргізілді</b>
БСН 090340051894 № 44-1302 - 16 - 000 - 000
Бастапқы тіркелген күні 1899 ж. 04, наурыз



Ақмола облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 12 сәуірдегі  
№ А-4/169 қаулысымен  
бекітілді



**Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы  
«Степногорск қаласы, тау-кен техникалық колледжі»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
ЖАРҒЫСЫ**

## 1. Жалпы ережелер

1. Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Степногорск қаласы, тау-кен техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады.
3. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органды) болып табылады.
4. Кәсіпорынның атауы: Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Степногорск қаласы, тау-кен техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
5. Кәсіпорынның орналасқан жері: индексі 021500, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 4-шагын аудан, 47/2-гимарат.

## 2. Кәсіпорынның зандық мәртебесі

6. Кәсіпорынның зандамаға сәйкес дербес тендерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.
7. Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын занды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа занды тұлғаның құрылтайшысы (қатысуышы) бола алмайды.
8. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының зандамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

9. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәтten бастап жасалынған деп есептеледі.

### **3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары**

10. Кәсіпорын қызметінің мәні білікті кадрларды, оның ішінде қызметкерлерді, орта буын мамандарын даярлауға бағытталған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

11. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-куат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуға, Конституцияга қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге тәзбеуға тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқыктары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және

әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;

12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылышын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;

14) ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

12. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін, Кәсіпорын келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;

2) ішкі тәртіп ережелерін әзірлейді және бекітеді;

3) жұмыс оку жоспарларын және жұмыс оку бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

4) оқытудың қысқартылған білім беру бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

5) оку жылына бекітілген оку-тәрбие кесте негізінде оку-тәрбие жұмысын, теориялық және практикалық сабактар кестесіне сәйкес жүзеге асырады;

6) жаңа білім беру технологияларын апробациялау, жаңа білім беру мазмұнын енгізу үшін эксперименттік режимде (эксперименталдық аланда) эксперименталды интеграцияланған білім беру бағдарламаларын әзірлейді;

7) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік оқыту технологиясын және қашықтықтан білім беру технологиясын енгізеді;

8) бірыңғай үлгітік тестілеуді қоспағанда, білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізеді;

9) білім алушыларга қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжатты бере отырып, жұмыс біліктілігін және (немесе) «орта буын маманы» біліктілігін береді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз қаражаты шегінде қызметкерлерге лауазымдық айлықақылар (мөлшерлемелер), қосымша ақылар, үстемеақылар және өзге де ынталандыруши төлемдер белгілейді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлауды қамтамасыз етеді;

12) материалды-техникалық жабдықтар мен құрылғылармен қамтамасыз етеді;

13) кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріпtestікті дамыту, білім беру жүйесі қызметінің нәтижесін арттыруға бағытталған және

экономика мен жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес кадрлар даярлау деңгейіне қол жеткізеді;

14) өнеркәсіппен оқыту байланыстарын нығайту, оның ішінде дуальды оқытуды енгізу, қосымша қаржыландыру көздерін тарту, оның ішінде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде жұмыс берушілердің қаражатын тартады;

15) кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидаларын, практика базасы ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын өзірлейді және бекітеді;

16) деңсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен білім алушыларды тағаммен қамтамасыз етеді;

17) білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

18) білім алушылардың деңсаулығын сақтауды және нығайтуды қамтамасыз етеді;

19) балалардың деңсаулық пен дамуына зиян келтіретін ақпараттарға қол жетімділігін шектеуге арналған байланыс операторларының қызметтерін пайдалана отырып, білім алушыларға ғаламторға кіруге мүмкіндік береді;

20) білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық қомек түрлерін уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

21) білім алушылардың өмір сүру жағдайын белгіленген нормадан төмен емес деңгейде қамтамасыз етеді;

22) қоғамдық өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдеседі;

23) кадрларды кәсіби дайындаудың заманауи нысандарын, оның ішінде мобиЛЬДІК оқу орталығы арқылы енгізеді;

24. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ақылы негізде ұсынады.

14. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Кәсіпорынға окуға қабылдау тәртібі қабылдаудың үлгі ережелерімен белгіленеді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес окуға қабылданған студенттері Кәсіпорын белгілеген тәртіpte жатақхана орындарымен қамтамасыз етіледі.

Кәсіпорын білім алушының тұлғалық құқықтарының сақталуына және оның әлеуметтік қорғалуына жауап береді.

14. Білім алушыларды ауыстыру және окуға қайта қабылдау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгі ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

15. Медициналық консультативтік комиссияның қорытындысы мен әскери қызметке шақыру қағазы негізінде, білім алушыларга академиялық демалыс беріледі.

16. Кәсіпорындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпорын білім алушылардың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуін, сондай-ақ мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарттарына сәйкес орыс тілі мен ағылшын тілін үйренуін қамтамасыз етеді.

### 17. Сабак тәртібі:

Кәсіпорындағы оку жылы оқытудың желілік және модульдік технологиясы кезінде екі семестрден тұрады.

Оку сабактары нақты мамандық бойынша оку процесінің кестесіне сәйкес басталады және аяқталады.

Демалыс ұзақтығы оку процесі кестесіне және мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес анықталады.

Оқушылардың оку жүктемесінің жоғары көлемі, аудиториядан тыс оку жұмыстарының барлық түрлері аптасына 54 сағаттан аспауы тиіс. Оқушылардың міндетті жүктемесі күндізгі оқыту жүйесі кезінде теориялық оқыту кезеңінде аптасына 36 сағаттан аспауы қажет, аталған көлемге факультативтік пәндер және консультация сабактары кірмейді.

Оқушылар кәсіби тәжірибеден өту кезеңінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің жасы ерекшелігіне сәйкес Кәсіпорын тәртібі бойынша жұмыс істейді. Жасы 18-ге толғандар үшін окудың апталық жүктемесі 40 сағатты қурауы мүмкін.

Аудиториялық сабактардың барлық түрлері үшін екі академиялық сағаттан қосылған сабактан кейін 10 минут үзіліс беріледі. Оқушылардың тамақтануын үйымдастыру мақсатымен екі қосарланған сабактан кейін ұзак үзіліс қарастырылады.

Жұмыс тәртібі: бес күндік жұмыс аптасы.

18. Ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау түрі, тәртібі мен кезеңділігі жұмыс оку жоспары және бағдарламалары негізінде жасалады және анықталады.

Оқушыларды аттестаттау оку жоспарының барлық күндері бойынша төрт және одан астам апталық жүктемесі болса, ай сайын өткізіледі. Эр семестрде қорытынды бағалау ағымдағы аттестаттау нәтижесі мен емтихандық сессия нәтижелері негізінде шығарылады. Семестрге З немесе одан да көп пәндерден аттестаттау нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз бага алған білім алушы Кәсіпорынан шығарылады.

Оку жоспары мен бағдарламасының барлық талаптарын орындаған, мемлекеттік емтихандарды жақсы тапсырған (дипломдық жобаны қорғаган) студенттерге мемлекеттік емтихан (біліктілік) комиссиясының шешімімен

алған мамандығына сәйкес біліктілік және белгіленген үлгідегі диплом беріледі.

Мамандықты игеру бойынша білімді менгеруде ерекше жетістіктері бар студенттерге «ұздіқ» диплом беріледі.

19. Кәсіпорын мен студенттер арасындағы қарым-қатынас Жарғы және ішкі тәртіп Ережесімен айқындалады.

Кәсіпорын құқылы:

1) Кәсіпорының бекітілген ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес білім алушылардан өз міндеттерін адал және тиісті дәрежеде орындалуын, оку тәртібінің сақталуын, сонымен қатар білім беру үйымының оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына құрметпен қарауын талап етуге;

2) білім алушыларға Жарғы талаптарын, оку тәртібін, ішкі тәртіп Ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік шара қолдануға;

3) білім алушыдан білім беру үйымының мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік техника және басқа да құрылғылармен жұмыс істеу ережесін сактауды талап ету. Білім алушының әрекетімен материалдық нұксан келтірілген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен қарастырылған тәртіpte оны қалпына келтіру үшін шығынның орнын толтыруды талап етуге;

4) білім алушыларды оку, ғылыми және шығармашылық табыстары үшін марапаттау және мадақтауды іске асыруға.

Білім алушылар құқылы:

1) мемлекеттік жалпыга білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) педагогикалық кенестің шешімі бойынша жеке оку жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік жалпыга міндетті білім беру стандарттары шенберінде оқытуға;

3) оку жоспарына сәйкес балама курстарды таңдауға;

4) бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес ақылы негізде қосымша білім беру қызметтерін алуға;

5) студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға;

6) Кәсіпорын басшысының бүйіргімен бір оку орнынан екіншісіне, бір мамандықтан немесе білім беру бағдарламасынан екіншісіне ақылы негізде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша немесе білім берудің бір түрінен екіншісіне ауысуға;

7) білім беру үйимдарында ақпараттық ресурстарды, оның ішінде мүгедектер мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді нысанда тегін пайдалануға, окулықтармен, оку-әдістемелік кешендермен және оку-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін дайындалған оку-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

8) спорттық, оку, салтанат залдарын, компьютерлік сыйынтар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

9) ақылы негізде оқыған жағдайда оку ақысын кезең-кезеңмен төлеуге, ал төлем сомасы, енбектік шығындардың ұлғауы жағдайында, тараптардың келісімімен жылына бір реттен артық емес өзгеруі мүмкін;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек жағдайлары туралы ақпарат алуға;

11) өз пікірі мен сенімдерін еркін білдіруге;

12) өздерінің адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге;

13) оқудағы жетістіктерге, ғылыми және шығармашылық қызметке деген ынталандыру мен марапатталуға.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша күндізгі бөлімде оқитын студенттер құқылы:

1) окудан бос уақытта оку мен жұмысты біріктіруге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызмет мерзімін ұзартуға.

Білім алушы міндетті:

1) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары көлемінде білім, іскерлік пен практикалық дағдыларды менгеруге, ішкі тәртіп Ережелері мен Жарғысын сактауға, Кәсіпорын басшысының бүйрықтары мен өкімдерін орындауға;

2) сабакты себепті босатқан жағдайда, Кәсіпорынга хабарлауға;

3) Кәсіпорынның мүлкіне ұқыпты қарау және оны тиімді пайдалану, оку және жатақханада тұру үшін қолайлы жағдайлар жасауға қатысуға;

4) әскери есепке тұру тәртібін сактауға.

5) іскерлік киім ұлгісін сактауға;

20. Кәсіпорынды педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету тиісті жоғары кәсіптік білімі бар және техникалық және кәсіптік білімі бар орта буын мамандарының арасынан конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Педагогикалық қызметтің нәтижелерін объективті бағалау және дұрыс тарифтеу мақсатында, оқытушыларды аттестаттау кезең-кезеңмен жүргізіледі.

21. Кәсіпорын оқытушылары құқылы:

1) кәсіби қызмет жағдайларымен қамтамасыз етілуге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт сакталған жағдайда, педагогикалық қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін тандауға;

3) оку орнын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

4) зертханаларды, кабинеттерді, аудиторияларды, оку залын, кітапхананы және Кәсіпорынның басқа оку және оку-көмекші құрылымдарын, сондай-ақ спорт және жаттығу залдарын пайдалануға;

5) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысына қатысуға және оку орнының әкімшілігіне ұсыныстар енгізуға;

6) бакылау органдары мен Кәсіпорын әкімшілігі жүргізетін аттестация және басқа да тексерулер кезінде өз жұмысын тексеру корытындысын шығаруга жеке катысуға;

7) санатын арттыру, қызметтік өсу мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;

8) басқа оку орындарының оқытушыларымен тәжірибесімен алмасуға;

9) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

10) Кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің білім беру және экономикалық қызметтің көзі болып табылатын материалдық активтер (ғылыми, әдістемелік енбектер және т. б.) түріндегі зияткерлік меншікті қорғауға;

11) педагогикалық қызметтегі табыстары үшін материалдық және моральдық көтермелеге, ордендермен және медальдармен, күрметті атақтармен, белгілермен және грамоталармен марапатталуға.

## 22. Кәсіпорын оқытушылары міндетті:

1) білім алушылардың жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген деңгейден томен емес білім, білік және дағдыны менгеруін қамтамасыз етуге;

2) оку процесінің кестесін сақтау, қатаң есептегі құжаттарды уақытында және талаптарға сәйкес жүргізуге;

3) студенттердің дербес және шығармашылық қабілеттерін дамыту және анықтауға;

4) өзінің кәсіби деңгейін және іскерлік біліктілігін үнемі арттыруға;

5) студенттердің жеке қадір-қасиетін құрметтеу, Қазақстан халықтарының ұлттық дәстүрлері рухында олардың мәдени және дене бітімінің дамуына камкорлық көрсетуге;

6) педагогикалық этика нормаларын сақтауға;

7) білім алушылардың үлгерімін есепке алууды жүргізу, олардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру және бакылау, сыныптан тыс тәрбие жұмысын жүргізуге;

8) салауатты өмір салтын үстану және оны оқушылар арасында насихаттауға.

23. Қазақстан Республикасының қолданыстағы енбек заңнамасына сәйкес әкімшілік-шаруашылық персоналдың енбек қызметі жүзеге асырылады. Кәсіпорынның аталған қызметкерлерін қабылдау және жұмыстан шығару директордың бүйрығымен жүргізіледі

24. Білім алушылардың оқыту және тәрбиелеу сапасын жетілдіру, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында, Кәсіпорында басқарудың алқалық органдары құрылады: педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кенестер.

25. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген қызметтің мәні мен мақсаттарына жауап бермейтін қызмет пен мәміле жасауға құқылы емес.

26. Басшының Кәсіпорынның жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған әрекеттері енбек міндеттерін бұзу болып табылады, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

#### **4. Кәсіпорынды басқару**

27. Ақмола облысының әкімдігі:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;
- 4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;
- 5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

28. Тиісті саланың уәкілетті органы:

- 1) Кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен каржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;
- 2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;
- 3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
- 4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды камтамасыз етеді;
- 5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды камтамасыз етеді;
- 6) Кәсіпорынның еңбекті төлеу қорының көлемін жыл сайын орнатады;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді.

29. Кәсіпорынның органды оның басшысы болып табылады.

30. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

31. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек катынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы ресімдейді.

32. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қагидасы негізінде әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен анықталатын өз құзіретіне сәйкес дербес шешеді.

**33. Басшы:**

- 1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін білдіреді;
  - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
  - 3) шарттар және өзге де мәмілелер жасайды;
  - 4) сенімхаттар береді;
  - 5) банктік шоттар ашады;
  - 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті буйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
  - 7) Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне сәйкес, Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен енбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен басқаша қаралмаса, оларды жазага тартады;
  - 8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына үміткерлер ұсынады;
  - 9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзіретін белгілейді;
  - 10) Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сакталуына дербес жауапты болады;
  - 11) сыйайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;
  - 12) бюджетке таза табыстың белгіленген белілігін уақтылы аудармағаны үшін жауапты болады;
  - 13) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікте болады;
  - 14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады;
34. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға беріледі.

**5. Кәсіпорынның мүлкі**

35. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның тенгерімінде көрсетіletіn Кәсіпорынның активтері құрайды.

36. Кәсіпорының мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу улестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

37. Кәсіпорының мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктен;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды коса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаган өзге де каражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

38. Кәсіпорының жүргізуінде оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

39. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайши келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

40. Жедел басқарудагы мүлікті пайдаланудың табыстары, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорының жедел басқаруына түседі.

41. Мүлікті жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз балансына бекітken сәтінде туындайды.

42. Касіпорының шарттары негізінде негізгі құралдарына жататын мүлікті иеліктен айыруға, сатып алу-сатуға, айырбастауға, сыйға тартуға құқылы емес.

43. Кәсіпорының мүлкіне жедел басқару құқығы иелік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249- бабымен көзделген негіздер мен тәртіpte, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Занының 144, 154, 162 баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

44. Осы Жарғының 42-тармағында көзделген жағдайларды коспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

45. Кәсіпорын жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

## **6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру**

46. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

47. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

48. Кәсіпорын өзі өндірген онімді дербес өткізеді.

49. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті көрсетуден Кәсіпорын алған табыс, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған, өткізілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды кетеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп ережелері бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## **7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

50. Жедел басқару күкірткышындағы Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мұліктен қалыптасады.

## **8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

51. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саласының уәкілетті органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

52. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік тенгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы езгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

## **9. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

53. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша

әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

54. Кәсіпорын мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

## **10. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

55. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен белгіленеді.

## **11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас**

56. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

57. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына кайшы келмеуі тиіс.

## **12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

58. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

59. Кредит берушілердің талаптарын қанагаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

60. Кредит берушілердің талаптары қанагаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

## **13. Жарғыга өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

61. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.

Басшы старшта бисна Амангебек

Т.А.Ә.

Зәңбік

қолы



Утвержден  
постановлением акимата  
Акмолинской области  
от 12 апреля 2021 года  
№A-4/169

**УСТАВ**  
**государственного коммунального казенного предприятия**  
**«Горнотехнический колледж, город Степногорск» при управлении**  
**образования Акмолинской области**

**1. Общие положения**

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Горнотехнический колледж, город Степногорск» при управлении образования Акмолинской области (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Учредителем предприятия является акимат Акмолинской области.

3. Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Управление образования Акмолинской области» (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

4. Наименование Предприятия: Государственное коммунальное казенное предприятие «Горнотехнический колледж, город Степногорск» при управлении образования Акмолинской области.

5. Местонахождение Предприятия: 021500, Республика Казахстан, Акмолинская область, город Степногорск, 4-й микрорайон, здание 47/2.

**2. Юридический статус Предприятия**

6. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

7. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

8. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

9. Гражданко-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

### **3. Предмет и цели деятельности Предприятия**

10. Предметом деятельности Предприятия является реализация образовательных программ технического и профессионального, послесреднего образования, направленные на подготовку квалифицированных кадров, в том числе рабочих, специалистов среднего звена.

11. Целями деятельности Предприятия являются:

1) создание необходимых условий для получения качественного образования, направленного на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики;

